“ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ”
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
“ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН”

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі,14-ғимарат
Тел.: 8 (7252)-35-06-06, факс: 35-10-01 ММ код 2170025,
СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 ОҚО
бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Шымкент, ул.Водопьянова, 14-здания Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01 Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

12.11.2019-ғы № 03-18/5005 шығыс
хаты

ЖК Жаимбетовке

Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент)* тарапынан, Сіздің 25.10.2019 жылғы №13(57312) санды өтінішіңізге сәйкес, «Түркістан облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен *(бұдан әрі – Ұйымдастырушы)* ұйымдастырылған №3640210-1 «Тасымалдау қызметі» ашық конкурсының заңдылығына камералдық бақылау жүргізілді.

1.Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының *(бұдан әрі – Қағида)* 150 тармағына сәйкес, *әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы*.

Қағиданың Конкурстық құжаттамаға 1-4 қосымшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушілер «Транспортное средство для перевозки саженцев, саны 3» материалдық ресурсын ие болуы тиіс делінген біліктілік талап бекітілген.

Сәйкесінше, «Шаңырақ» ӨК ұсынған тасымалдау құралдары конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

2. Қағиданың Конкурстық құжаттамаға 6-қосымшасының ескертулерінің 1 тармағында, егер осы конкурста қызметтерді көрсету тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді. Сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар <u>көрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактуралардың электрондық көшірмелері</u> болып табылады.

Камералдық бақылау нәтижесінде, ЖК Жаимбетов тарапынан көрсетілген қызметтердің шот-фактураларының электрондық көшірмелері ұсынылмағандығы анықталды.

Сәйкесінше, камералдық бақылау жұмыстары барысында Ұйымдастырушы мекеме тарапынан әлеуетті өнім беруші ЖК Жаимбетовтің конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарды дұрыс есептегені анықталды.

12.11.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

ҚР 12.01.2007 жылғы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, өтініштерді қарау нәтижелерімен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа жүгінуге құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент басшысының
орынбасары **Т.Тултебаев**

✍: Т.Алимтаев
☎: 35-06-06

Келісілген А.Байкуанышов

12.11.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)